

**DEXP**

**Пайдаланушы нұсқаулығы**



# Бумен пісіргіш DEXP FS-900

## Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға арнап қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

# Мазмұны

Құрылғының мақсаты .....	5
Сақтық шаралары .....	5
Құрылғының сұлбасы .....	6
Техникалық сипаттамалар .....	6
Пайдалану нұсқаулығы .....	7
Тазалау және күтім жасау .....	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары .....	8
Қосымша ақпарат .....	9

# Құрылғының мақсаты


Бумен пісіргіш тағамдарды буда пісіруге арналған құрылғы.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Резервуарда су болмағанда құрылғыны ешқашан іске қосуға болмайды.
3. Жұмыс кезінде құрылғыны қолданған кезде абай болыңыз, ыстық бумен күйіп қалуыңыз мүмкін. Арнайы қолғаптарды пайдаланыңыз.
4. Жұмыс кезінде аспаптың кейбір жерлері қызуы мүмкін.
5. Құрылғыны ішінде су толы болса, жылжытпаңыз.
6. «Техникалық сипаттамалар» тармағында көрсетілген құрылғы сыйымдылығының шектеулерін сақтаңыз.
7. Бұл құрылғыны су көзінің тікелей жанында қолдануға болмайды.
8. Құрылғыны ешқашан ағын судың астында қалдырмаңыз, оны толығымен суға батырмаңыз, бүкіл құрылғыны тазарту үшін ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаңыз.
9. Құрылғыны және қуат сымын қыздырғыш элементтердің, газ конфоркаларының және т. б. жанына қоймаңыз.
10. Тек түпнұсқалы керек-жарақтарын пайдаланыңыз.
11. Құрылғыны сымынан тартып, тасымалдауға болмайды. Құрылғының сымын майыстырмаңыз және онымен құрылғыны орамаңыз.
12. Қуаттау сымын үстел тақтасының шетінде майыстырып немесе ыстық бетке тигізіп орнатпаңыз.
13. Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдыруға болмайды. Сыртқы таймерлерді және қашықтан басқару жүйелерін қолдануға болмайды.
14. Қолданып болған соң құрылғыны өшіру керек.
15. Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған.
16. Құрылғыны өткір заттардың, абразивті қосылыстардың және оны зақымдауы мүмкін басқа заттардың әсерінен қорғаңыз.
17. Бұл құрылғы тек тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға арналып жасалған. Құрылғыны тек мақсатына сәйкес пайдалану керек.
18. Электр тогынан жарақат алуға жол бермеу үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектеп ашпаңыз. Авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
19. Жерге құлағаннан кейін, сондай-ақ аспаптың немесе электрмен қуаттау сымының көзге көрінетін зақымдануы болған кезде құрылғыны пайдалануға болмайды. Авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

## Құрылғының сұлбасы

1. Қақпақ.
2. №3 бу ыдысы.
3. Жұмыртқаларды бекітуге арналған кіріктірілген шешілетін астыңғы торшасы.
4. №2 бу ыдысы.
5. №1 бу ыдысы.
6. Тамшы жинауға арналған тұғыр.
7. Шешілмелі бу жылдамдатқышы.
8. Судың максималды деңгейін көрсететін меже.
9. Қыздыратын элемент.
10. Суға арналған резервуар.
11. Қуаттау индикаторы.
12. Таймер.
13. Судың деңгейін көрсететін сырттағы индикатор.



## Техникалық сипаттамалар

- Моделі: FS-900.
- Желінің параметрлері: АС 220-240 В, 50 Гц.
- Максималды қуаты: 800 Вт.
- Бүмен пісіргіштің максималды сыйымдылығы: 9 л.
- 3 қабат.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

## Пайдалану нұсқаулығы

1. Алғашқы қолданар алдында барлық алынбалы элементтерді, сондай-ақ су ыдысының ішкі қабырғаларын жылы сумен жуыңыз, жуғыш затты қолданып құрғатыңыз.
2. Құрылғыны тегіс, тұрақты бетке қойыңыз, алынатын бу үдеткішін қыздыру элементіне орнатыңыз.
3. Су құюға арналған резервуарды максимум межесіне дейін жеткізіп толтырыңыз.
4. Бу ыдысы шешілетін астыңғы торшалармен жабдықталған. Жұмыс орнын үлкейту үшін немесе үлкен өнімдерді орналастыру үшін торды ажыратыңыз.
5. Ыдыстың ортасына өнімді орнықтырыңыз (торшамен немесе онсыз).
6. Бу ыдысын (немесе бір-біріне бірнеше рет келесі ретпен орнатыңыз: №1 бу ыдысы, №2 бу ыдысы, №3 бу ыдысы) тамшыларды жинау науасына қойып, оны қақпақпен жабыңыз.
7. Құрылғыны желіге қосыңыз және таймер реттегішін қажетті мәнге бұраңыз. Қуаттаудың жарық индикаторы жанады. Таймердің максималды мәні — 60 минут.
8. Резервуардағы су деңгейін сыртқы су деңгейінің индикаторымен тексеріңіз. Қажет болса, пісіру кезінде тамшыларды жинау астауы арқылы резервуарға су қосыңыз.
9. Белгіленген уақыт өткеннен кейін құрылғы автоматты түрде өшеді. Дыбыстық сигнал беріледі де, қуаттау индикаторы сөнеді.
10. Қақпағын ашыңыз да бу ыдысын кең тәрелкеге орнықтырыңыз. Құрылғыны желіден ажыратып, тазалар алдында суытыңыз.

**Ескертпе:** Сондай-ақ, бұл құрылғыны тағамды жылыту үшін де пайдалануға болады.

## Тазалау және күтім жасау

1. Құрылғы желіден ағытылғанына көз жеткізіңіз.
2. Суға арналған резервуарды босатыңыз да оны дымқыл шүберекпен жуыңыз.
3. Құрылғының барлық алынбалы бөліктерін жылы сумен және жуғыш затпен шайыңыз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Алынатын бөлшектерді тазарту үшін ыдыс жуғыш машинаны да қолдануға болады.
4. Сегіз рет қолданғаннан кейін құрылғыны қақтан тазартыңыз:
  - Шешілетін бұды үдеткішті қыздыратын элементке орнатыңыз.
  - Суға арналған резервуарды «MAX» межесіне жеткенше толықтырыңыз.
  - Су деңгейіне сәйкес шешілетін бұды үдеткішке ақ сірке суын құйыңыз.
  - Құрылғыны іске қоспаңыз. Оны сол қалпында бір түнге қалдырыңыз.
  - Резервуардан суды төгіп, бірнеше рет жылы сумен жуыңыз.
5. Оңтайлы сақтау үшін: №1 бу ыдысын № 2 бу ыдысына салыңыз, содан кейін оларды №3 бу ыдысына салыңыз, тамшыларды жинау науасына салыңыз және қақпақты жабыңыз.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары**

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Хунъи Электрикал Эпплайенс Ко., Лтд.

Гуань Хайвэй өнеркәсіптік аймағы, шығыс облыс, Гуань Хайвэй, Цыси, Нинбо, Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Аспаптың жиынтықтамасы алдын ала хабардарланбай өзгертілуі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

## Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>





[www.dexp.club](http://www.dexp.club)